

**INTEGRATION OF COMPUTER CHEMISTRY AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE:
PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF SCIENCE AND TECHNOLOGY****N.T.Manapov, N.N. Kozhabekova***Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan***E-mail: nurlanm66@mail.ru*

Abstract. This article discusses the integration of computational chemistry and artificial intelligence (AI), their role in science and technology, as well as the possibilities of their application in the fields of scientific research and education. An individual analysis of branches of related fields of computer chemistry and AI is carried out. Computer technologies are considered as an important tool in modern science and the educational process, as they provide new opportunities for researchers, students and teachers, and contribute to the development of professional and scientific tasks. Also, the information space and computer programs allow you to quickly find and process the necessary data, as well as carry out individual work. The interconnection of AI and computational chemistry is the basis of transformative solutions in scientific research and industrial innovation. Combining these areas makes it possible to model molecules and chemical processes, develop new drugs and materials, ensure environmental sustainability, and deeply interpret complex chemical, biological, and ecological systems. Therefore, the potential of computational chemistry and AI remains an important resource for scientific research and technological progress. In conclusion, the article notes that the combination of these two industries plays a major role in determining innovative breakthroughs and new solutions.

Keywords: artificial intelligence (AI), computer chemistry, quantum chemistry, materials science, innovative materials, medicines, modeling, molecular interactions, environmental sustainability.

Manapov Nurlan Tursymbekovich	<i>Senior lecturer; E-mail: nurlanm66@mail.ru</i>
Kozhabekova Nazym Nurkdyrovna	<i>Candidate of Chemical Sciences; E-mail: kojabekova@mail.ru</i>

**КОМПЬЮТЕРЛІК ХИМИЯ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ҮЙЛЕСІМІ: ҒЫЛЫМ
МЕН ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫНА БАҒЫТ****Н.Т. Манапов, Н.Н. Қожабекова***Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан,***E-mail: nurlanm66@mail.ru*

Citation: Manapov N.T., Kozhabekova N.N. Integration Of Computer Chemistry And Artificial Intelligence: Prospects For The Development Of Science And Technology. *Chem. J. Kaz.*, **2025**, 3(91), 155-170. (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.51580/2025-3.2710-1185.44>

Түйіндемe. Бұл мақалада компьютерлік химия мен жасанды интеллектінің (ЖИ) интеграциясы, олардың ғылым мен технологиядағы рөлі және ғылыми-зерттеу мен білім беру бағыттарындағы қолдану мүмкіндіктері талқыланады. Компьютерлік химия мен ЖИ-нің түйісу салаларының тармақтарына жеке-жеке талдау жасалынады. Компьютерлік технологиялар заманауи ғылым мен білім беру үрдісінде маңызды құрал ретінде қарастырылады, өйткені олар ғылыми-зерттеу қызметкерлерінің, білім алушылар мен оқытушылардың шығармашылығына жаңа мүмкіндіктер ұсынып, кәсіби және ғылыми міндеттерін дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ, ақпараттық желілер мен компьютерлік бағдарламалар қажетті мәліметтерді жылдам табу мен өңдеуге, сонымен қатар жекелей жұмыс жүргізуіне мүмкіндік береді. ЖИ мен компьютерлік химияның өзара байланысы ғылыми зерттеулердегі және өнеркәсіптік инновацияларда трансформациялық шешімдердің негізі болып табылады. Бұл салалардың бірігуі молекулалар мен химиялық процестерді модельдеу, жаңа дәрілік препараттар мен материалдарды әзірлеу, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ күрделі химиялық, биологиялық және экологиялық жүйелерді терең түсіндіруге мүмкіндік береді. Сондықтан, компьютерлік химия мен ЖИ-нің әлеуеті ғылыми-зерттеу мен технологиялық прогресс үшін маңызды ресурс болып қала береді. Мақала қорытындысында, осы екі саланың бірігуі инновациялық серпілістер мен жаңа шешімдерді анықтауда үлкен рөл атқаратыны атап өтіледі.

Түйінді сөздер: жасанды интеллект (ЖИ), компьютерлік химия, кванттық химия, материалтану, инновациялық материалдар, дәрілік заттар, модельдеу, молекулалық өзара әрекеттесу, экологиялық тұрақтылық.

Манапов Нұрлан Тұрсымбекұлы

аға оқытушы

Қожабекова Назым Нұрқыдырқызы

химия ғылымдарының кандидаты

1. Кіріспе.

Қазіргі уақытта химия ғылымы мен технологияның даму қарқыны ақпараттық технологиялардың, соның ішінде компьютерлік химия мен жасанды интеллектінің (ЖИ) қолданысымен тығыз байланысты болып тұр. Компьютерлік химия химиялық қосылыстар мен процестерді зерттей отырып, оларды модельдеу үшін компьютерлік құралдар мен химияға арналған компьютерлік бағдарламаларды қолданады. Ал ЖИ – алгоритмдерді жетілдіру мен мәліметтерді өңдеу мүмкіндіктерін жақсартады. Бұл екі сала арасындағы интеграция ғылыми-зерттеу жұмыстарында, білім беру мен өнеркәсіптік жаңашылдықтарда ауқымды өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктер туғызуда.

Білім беру процесінде компьютерлік технологиялар мен бағдарламаларды қолдану ғылыми-зерттеу қызметкерлерінің, оқытушылар мен білім алушылардың шығармашылығына кең жол ашады, сондай-ақ танымдық процестерді сапалы түрде өзгертеді. Заманауи зерттеулер ақпараттық технологиялардың мүмкіндігі арқылы зерттеу нысандарының және білім алудың тиімділігін арттыруда. Әлеуметтік желі ресурстары мен компьютерлік бағдарламалар ғылыми зерттеушілердің, білім алушылардың шығармашылық жұмыстарын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Аталған мақалада компьютерлік химия мен ЖИ-нің біріктірілген әлеуеті, олардың ғылым мен практикалық салалардағы ықпалы және ғылыми-зерттеу нәтижелерінің қоғамға деген пайдасы қарастырылады. Бұл

ғылыми-зерттеулер инновациялық жобаларды жүзеге асыру мен тыңғылықты есептеу әдістерінің дамуына негіз болды, соның нәтижесінде ғылыми прогресс онтайландырылған процесс пен жаңа шешімдерді туғызды. Қарқынды дамып келе жатқан жасанды интеллекті (ЖИ) мен компьютерлік химияның өзара тоғысуы заманауи инновациялардың дамуына септігін тигізері сөзсіз. Бұл мақалада компьютерлік химия мен ЖИ-нің бір-бірімен байланысы, олардың біріктірілген әлеуеті мен түрлендіруші мүмкіншіліктері қарастырылады.

Мақаланың негізгі мақсаты – компьютерлік химия мен ЖИ-нің тиімді интеграциясы арқылы өрістейтін инновациялық шешімдердің маңыздылығын, артықшылықтарын және болашағын көрсету.

2. Әдістер.

Қазіргі уақытта ғылыми-зерттеу жұмыстарының едәуір бөлігі қоғам өмірінің, ғылымның, білімнің әртүрлі салаларын компьютерлендіру және ақпараттандыру мәселесіне арналған. Мысал ретінде, педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларының кәсіби қызметте компьютерлік технологияларды пайдалануға даярлау мәселесі А.А. Абдукадыров, В.Д. Алексеев, В.П. Беспалько, Ю.С. Брановский, Я.А. Ваграменко, В.М. Заварыкина, В.А. Извозчикова, Э.И. Кузнецова, М.П. Лапчика, И.А. Румянцева, Ю.К. Кузнецовтың және т. б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты [2].

Студенттің компьютер алдында жұмыс жасауы, базалық білімді меңгеруге кететін уақытын едәуір қысқартады. Білім алушы интернет байланыстары арқылы керекті ақпараттарды табу, алу және оларды өңдеуге машықтанады [3].

Компьютерлік ақпараттық технологияларды ғылыми-зерттеу мен білім беру саласында қолдану, бір жағынан, ғылыми-зерттеу қызметкерлерінің, оқытушылар мен білім алушылардың шығармашылығына кең мүмкіндіктер ашады, кәсіби және ғылыми-зерттеу міндеттерін шешу барысындағы мүмкіндіктерін кеңейтеді, ал екінші жағынан, педагогтарға кәсіби қызметінде компьютерлік технологияларды пайдалану дайындығы тұрғысынан оқытуға басқа да сапалы жоғары талаптар қояды [1].

Жаһандық білім беру жүйесіне енудің ең жылдам жолы – жаһандық ақпараттық қоғамдағы коммуникация үлгісі болып саналатын ғылыми-зерттеу мен білім беру мекемелерінің ғаламдық желіні пайдалануына жағдай жасау. Ғылыми-зерттеу жұмысын орындау барысында әлеуметтік желіні пайдалану көптеген мәселелерді шешуді жеңілдетеді [4].

Химияны оқыту тәжірибесінде ақпараттық технологияларды қолдаудың әртүрлі формаларын қолдануға болады. Ең қарапайым және тиімді әдіс - бұл үлкен әлеуетке ие және білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастырушылық ерекшеліктеріне сүйене отырып, оларды қолдану әдістерін өзгертуге мүмкіндік беретін дайын бағдарламалық өнімдерді пайдалану [6].

Қазіргі уақытта классикалық компьютерлік химия алгоритмдері де, терең оқыту тәсілдері де химияның барлық салаларына еніп кетті: органикалық және бейорганикалық химия, физикалық химия, зат құрылысы, катализ, дәрілік химия, аналитикалық химия, материалтану және т.б. [9].

Химияның «Компьютерлік химия» саласы химияға арналған компьютерлік бағдарламалардың көмегімен оқыту әдісінің бағыттарының бірі және компьютерлік модельдеуді қолданатын кванттық химияның бір тармағы.

Кванттық химия - молекулалық құрылымдар мен химиялық құбылыстарды түсіну үшін кванттық механиканы қолдануға бағытталған химияның ерекше бір саласы.

Компьютерлік химия молекулалардың қасиеттерін, олардың әрекетін анықтау, зерттеу және болжау үшін әртүрлі тәсілдер қолданады [7].

Дәлме-дәл есептеулер кластерлері мен суперкомпьютерлер компьютерлік химияның тиімділігі мен дәлдігін арттыруда маңызды рөл атқарады, оның трансформациялық жетістіктері үшін ЖИ құрылымдарымен интеграциясын қолдайды.

Компьютерлік химия мен жасанды интеллектінің түйісуі, инновациялық жаңашылдықтардың қарқынын үдете бастады. Атап айтсақ, бейорганикалық және органикалық полимерлер алу, дәрі-дәрмек жасау мен медицина саласында, материалтануда, молекулалық биологияда, гендік инженерияда, қоршаған ортаны талдау барысында кеңінен қолдануда.

Енді осы айтылған салалардың тармақтарына нақты мысалдармен, компьютерлік химияның есептеу әдістері жасанды интеллектімен бірлесе отырып зерттейтін бағыттарына толықтай тоқтала кетсек:

1. Компьютерлік химия мен ЖИ-нің түйіндесуі материалтану мен техниканың жаңа дәуіріне жол ашты, бұл бейімделген қасиеттері бар озық материалдарды жобалауға және оңтайландыруға мүмкіндік берді. Материалдардың сипаттамасын модельдеу және құрылымдық тұрақтылығын болжау арқылы зерттеушілер заманауи энергия көздеріне, аэроғарыштық қолданбаларға және тұрақты инфрақұрылымға арналған инновациялық материалдарды әзірлеуді жеделдете түсті. Компьютерлік химия мен ЖИ-нің құрылымдарының қиылысуы материалдардың келесі буынын жасауды жеделдетіп, осы салаларда бұрын-соңды болмаған жетістіктерге жол ашты. Атап айтсақ: озық материалдардың жобалануы, биоматериалдар, күрделі жүйелерді модельдеу, энергетикалық материалдар, металдар мен қорытпалар.

Бұл мысалдар компьютерлік химия мен жасанды интеллектінің интеграциясының материалтану мен техникадағы жаңашылдықтар мен тиімділікті арттыру үшін маңызды рөл атқаратынын көрсетеді;

2. Қоршаған ортаға әртүрлі факторлардың тигізетін әсерлерін анықтауға және оны зерттеуге жасанды интеллекті мен компьютерлік химия айтарлықтай қолданыс тапты. Жасанды интеллект негізіндегі модельдеу мен болжамды модельдеуді біріктіру қоршаған ортаны бағалауды түбегейлі

өзгертеді, экологиялық қауіптерді азайту және тұрақты тәжірибелерді ілгерілету үшін жаңа құралдарды ұсынады.

Жалпы алғанда, компьютерлік химия мен жасанды интеллектінің қоршаған ортаны зерттеудегі интеграциясы экологиялық зерттеулердің нәтижелілігін арттырып, қоршаған орта мәселелерін саралауға мүмкіндік береді. Бұл саладағы инновациялар экологиялық жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және адам денсаулығына, экожүйелерге және табиғатқа әсер ететін факторларды басқаруға бағытталған зерттеулердің негізін қалауда;

3. Хемоинформатика – компьютерлік химияның есептеу әдістері жасанды интелекстімен біріге отырып, есептеу бағытындағы заңдылықтары мен түзетулерді анықтауға көмектесетін химиялық ақпараттың үлкен деректер жиынын талдау үшін қолданылады. Хемоинформатика – компьютерлік химия мен жасанды интеллектінің (ЖИ) бірігуі арқылы химиялық мәліметтерді талдаудың арнайы бағыты.

Осы арқылы хемоинформатика зерттеушілерге химиялық шешімдерді қабылдау процесін тездетіп, молекулалық дизайны мен дәрі-дәрмектерді дамытуда жаңа мүмкіндіктер ұсынды;

4. Буып-түйетін тұтыну өнімдері – орау немесе қаптау материалдарын жобалау және оларды сынау кезінде қолдану. Бұл процесстің бірнеше негізгі кезеңдері бар: материалдардың таңдауын зерттеу, модельдеу және симуляция, дизайны және прототиптеу, сынау және талдау, экологиялық аспектілер.

Осылайша, буып-түйетін тұтыну өнімдері үшін орау немесе қаптау материалдарын жобалау мен сынау кезінде компьютерлік химияның есептеу әдістері тұтынушылардың қажеттіліктерін, өнімнің сапасын және экологияны ескеруді қамтамасыз етеді;

5. Қажетті дәрі-дәрмектерді айқындап және оның қасиеттерін анықтау бағытында, сонымен қатар фармацевтикалық зерттеулер мен дайындамалар саласында ЖИ-мен бірге компьютерлік химия дәрілік заттарды жасау үрдісінде төңкеріс жасады. Молекулалық өзара әрекеттесулерін талдау және байланыстыру ұқсастықтарын есептеуге байланысты болжамды модельдерді пайдалану арқылы, жасалатын дәрі-дәрмектің құрамына кіретін компоненттерді анықтау үшін жұмсалатын уақытты едәуір қысқартты. Компьютерлік химия мен ЖИ-нің бұл бірігуі жаман аурулар мен медициналық мәселелерді шешуге жаңа үміт ұсынып, өмірді сақтайтын дәрілердің дамуын жеделдетуге септігін тигізуде;

6. Протеин/антиденелер инженериясы - компьютерлік химияның есептеу әдістері ақуыз тізбегін жобалау және ақуыз құрылымдарын болжау үшін қолданылады.

Бұл инженерияның негізінде жиналған мәліметтер мен инновациялық алгоритмдер, ақуыздардың қасиеттерін дәл болжау мен олардың функционалдық мүмкіндіктерін оптимизациялауда қолданылатын тиімді құралдар ретінде қызмет етеді;

7. Ферменттік инженерия — әртүрлі қолданбаларға, соның ішінде өнеркәсіптік процестерге арналған ферменттерді жасауға көмектеседі. Компьютерлік химияның моделі мен симуляциясы арқылы ферменттердің құрылымдық және функционалдық қасиеттері терең зерттеледі, бұл ферменттердің «оптимизациясын» жүргізуге мүмкіндік береді;

8. Органикалық электроника - компьютерлік химияның есептеу әдістері жасанды интелектімен біріге отырып, органикалық электронды материалдарды жобалау мен талдауда қолданылады. Компьютерлік химияның есептеу әдістері мен жасанды интеллект (ЖИ) бұл салада органикалық электронды материалдарды жобалау мен талдау үшін маңызды рөл атқарады.

Сонымен қатар, компьютерлік химияның және ЖИ-нің бірігуі материалдарды дамытудың уақытын қысқартып, жаңа функционалдық қасиеттерді ашуға мүмкіндік береді. Ол жаңа зерттеулердің бағытын анықтау, өндірістік процестерді жетілдіру және энергетикалық тиімді құрылғыларды әзірлеу үшін пайдалы құрал болып табылады. Органикалық электроникадағы компьютерлік химия мен ЖИ-нің үйлесуі бұл салада жаңа инновациялық шешімдер мен технологияларды дамытуға ықпал етуде;

9. Катализ дизайны - каталитикалық жүйелерді талдау және жаңа катализаторларды әзірлеу үшін қолданылады. Катализ дизайны компьютерлік химия мен ЖИ-нің көмегімен каталитикалық жүйелердің зерттелуін және жаңа катализаторлардың әзірленуін тиімді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

10. Полимер дизайны – өзіне тән қасиеттері бар полимерлерді жобалауға көмектеседі. Полимер дизайны - бұл компьютерлік химияның есептеу әдістері мен жасанды интеллекттің көмегімен полимерлерді жобалау процесі.

Осы әдістер мен механизмдердің интеграциясы полимер дизайнынан күтілетін жаңа инновацияларды дамытуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде жаңа материалдардың жасауына және олардың қолдану салаларының кеңеюіне әкеп соғады;

11. Беттік химия - компьютерлік химияның есептеу әдістері жасанды интелектімен біріге отырып, беттердегі молекулалардың әрекетін зерттеу және болжау үшін қолданылады.

Беттік химия, компьютерлік химия мен жасанды интеллектті біріктіре отырып, молекулалардың әрекеттерін тереңірек зерттеуге және болжауға мүмкіндік береді, бұл материалдардың жаңа функциялары мен өнімдерін инновациялық түрде дамытуға ықпал етеді;

12. Энергияны алу және сақтау - энергияны сақтау сияқты құбылыстардың негізінде жатқан негізгі физикалық процестерді зерттеу үшін қолданылады. Энергияның алынуы мен сақталуының ғылыми негіздері мен практикалық қолданулары туралы келесі мәліметтерді айтып өтсек болады: физикалық-химиялық процестер, энергияның сақталуы, жалпы энергия жүйелері, энергияның алмасуы, қолдану салалары.

13. Жартылай өткізгіштер - компьютерлік химияның есептеу әдістері жартылай өткізгіштерді жобалау мен талдауда қолданылады. Жартылай өткізгіштерді жобалау мен талдауда компьютерлік химияның есептеу әдістері мен ЖИ маңызды рөл атқарады. Бұл әдістер арқылы материалдардың электронды қасиеттері мен құрылымдары нақтыланып, олардың жартылай өткізгіштік қасиеттері болжау арқылы оңтайландырылуы мүмкін. Мысалы, компьютерлік модельдер әдетте атомдар арасындағы байланыстарды, электрондық күй-жүйелерді және олардың өзара әрекеттесуін зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, есептеу әдістері мен ЖИ әртүрлі қосылыстардың ықтимал қасиеттерін салыстырып, ең тиімді нұсқаны таңдау үшін қолданылады, бұл жаңа заттарды алуға және өндіріс процесін оңтайландыруға септігін тигізеді;

14. Металдар, қорытпалар және керамика дизайны - металдарды, қорытпаларды және керамикаларды жобалауға және талдауға көмектеседі. Металдар, қорытпалар және керамика дизайны саласында компьютерлік химияның есептеу әдістері мен ЖИ металдар мен материалдардың құрылымын, қасиеттерін және тұрақтылығын болжау үшін кеңінен пайдаланылады. Сонымен қатар, қорытпалар мен керамикалардағы атомдық орналасуларды оңтайландыру арқылы олардың механикалық және физикалық қасиеттерін жақсартуға бағытталған дизайн жүргізіледі;

15. Масс-спектрометрия - компьютерлік химия молекулалық спектрлер мен энергетиканың тәжірибелік анықтамаларын бағалау үшін және химиялық реакциялардың реакция жолдары мен өнімдерін түсіндіру үшін қолданылады. Масс-спектрометрияда компьютерлік химия молекулалық спектрлердің аналитикалық талдауын жүргізу үшін кеңінен қолданылады. Бұл әдіс арқылы алынған эксперименттік спектрлердің деректерін модельдеу және болжау жүзеге асырылады, ол молекулалардың құрылымын және олардың энергия деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, компьютерлік химия реакция жолдарын моделдеу арқылы реакцияның әртүрлі мүмкін болатын механизмдерін және өнімдерін түсінуге көмектеседі. Бұл тәсіл химиялық реакциялардың барысын зерттеу кезінде, реакцияға қатысатын молекулалардың электронды құрылымдары мен энергия деңгейлерін болжау және салыстыру арқылы, нақты реакция жолдарын анықтауда маңызды рөл атқарады. Нәтижесінде, масс-спектрометрия деректерін интерпретациялау дәлдігі артып, химиялық қосылыстар мен реакциялар туралы толық әрі нақты ақпарат алынады.

Бұл қолданбалар компьютерлік химияның есептеу әдістері жасанды интелектімен біріге отырып, кең ауқымындағы күрделі есептерді шешудегі әмбебаптығын көрсетеді. Бұл сала технологияның жетістіктерімен және жаңа теориялармен дамуын жалғастыруда, болашақта қолдану аясы кеңейе түседі.

Компьютерлік химияның жасанды интелектімен бірігуіндегі артықшылықтары мен кемшіліктеріне жеке-жеке тоқталсақ.

Компьютерлік химияның артықшылықтары:

- Молекуланың қасиетін дәл болжау мүмкіншіліктері;

• Дәрі-дәрмектік заттарды әзірлеуді және материалдарды оңтайландыруды жеделдетуі;

• Күрделі химиялық және биологиялық, экологиялық жүйелерді тереңірек түсіндіруі.

Кемшіліктері мен шектеулері:

- Жетілдірілген модельдеудің есептеу қарқындылығы;
- ЖИ көмегімен шешім қабылдаудың этикалық аспектілері;
- Күрделі болжамды модельдердің интерпретациялануы;
- Бастапқы деректерді дайындаумен байланысты мәселелер;
- Деректерге қате аңдатпа;
- Химиялық реакциялар туралы ақпаратты дұрыс емес автоматты өңдеу.

Компьютерлік химия мен ЖИ-нің түйіндесуі этикалық тұрғыдан, әсіресе болжамды модельдер негізінде шешім қабылдау контекстінде мұқият қарастыруды талап етеді. Ашықтықты, есептеудің дәлдігін және этикалық қадағалауды қамтамасыз ету ЖИ-ге қолдайтын компьютерлік химияның мүмкіншілігін пайдалану, біржақтылыққа жол бермеу және осы салаларда жауапты түрде қолдануды қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

Химиктер компьютерлік химияны молекулалардың сипаттамаларын зерттеу және жаңа заттардың қасиеттерін болжау үшін компьютерлік модельдеу мен жасанды интеллектінің мүмкіншіліктерін пайдаланады. Заттарды компьютерлік химияның есептеу тәсілдерімен зерттеу барысында, компьютерлік химияның есептеу тәсілдері күрделі химиялық теңдеулерді шешу және реакция модельдеріндегі дәлсіздіктермен күресу сияқты маңызды қиындықтарға тап болады. Сонымен қатар, дәл модельдеу үшін қажетті деректердің үлкен көлемі айтарлықтай кедергі жасайды.

Осы кедергілерге қарамастан, компьютерлік химияның есептеу тәсілдері мен жасанды интеллектінің мүмкіншіліктері инновациялық препараттарды, материалдарды және өнеркәсіптік процестерді дамыту үшін маңызды ресурс болып қала береді. Ол ғылыми прогресс үшін маңызды және есептеу тәсілдерінсіз қол жетімсіз болатын молекулалық өзара әрекеттесулерді тереңірек түсінуге және болжауға мүмкіндік береді.

3. Қорытынды.

Қорытындылай келе, компьютерлік химия мен ЖИ-нің үйлесуі немесе тоғысуы ғылыми-зерттеу жұмыстарында, өнеркәсіптік инновацияларда және тұрақты технологиялық жетістіктерде өзінің нәтижелерін бере бастады. Жетілдірілген немесе нақты есептеу әдістері мен болжамды алгоритмдер арасындағы байланысты пайдалана отырып, есептеу химиясы фармацевтикада, материалтануда, экологиялық тұрақтылықта, биологияда және басқа да ғылымның салаларында трансформациялық шешімдердің негізгі мүмкіндігіне айналды. Компьютерлік химия жасанды интеллектімен бірге осы бірлескен байланыстың шексіз әлеуетін зерттеуді жалғастыра отырып, болашақ инновациялық серпілістер мен дәстүрлі шектеулерден асып түсетін шешімдерді анықтауға ықпал ете бастады.

Жасанды интеллекті мен компьютерлік химияның үздіксіз дамып келе жатқан әлемінде, олардың болжамдық модельдеулері мен алгоритмдік дәлдіктерінің бірігуі, ғылыми жаңашылдықтары мен технологиялық инновациялары үйлесімді түрде революциялық жетістіктерге алып келуде.

Компьютерлік химияның болашағы молекулалардың, химиялық процестердің қасиеттері мен сипаттамаларын дәлірек болжау үшін компьютерлік есептеу мен жасанды интеллект интеграциясы арқылы елеулі жетістіктерге жетуге дайын. Неғұрлым күрделі алгоритмдер мен есептеу әдістерінің дамуы модельдеу жылдамдығы мен дәлдігін арттырады деп күтілуде. Сонымен қатар, бұл бірін-бірі толықтыратын сала, есептеу қуатын арттырудан және кванттық-химиялық есептеулерді пайдаланудың тиімділігі мен химиялық мәселелерді шешу тәсілін түбегейлі өзгертуі мүмкін. Биоинформатика, фармацевтика, экология және материалтану сияқты салалармен пәнаралық байланыс компьютерлік химия мен жасанды интеллектінің қолдану аясын одан әрі кеңейтіп, оны ғылыми-зерттеулер мен әзірлемелердің одан да ажырамас бөлігіне айналдырады деген сенімдеміз.

ИНТЕГРАЦИЯ КОМПЬЮТЕРНОЙ ХИМИИ И ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА: ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ НАУКИ И ТЕХНОЛОГИЙ

Н.Т. Манапов, Н.Н. Кожобекова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

**E-mail: nurlanm66@mail.ru*

Резюме. В этой статье обсуждается интеграция компьютерной химии и искусственного интеллекта (ИИ), их роль в науке и технологиях, а также возможности их применения в областях научных исследований и образования. Проводится индивидуальный анализ ветвей смежных областей компьютерной химии и ИИ. Компьютерные технологии рассматриваются как важный инструмент в современной науке и образовательном процессе, поскольку они предоставляют новые возможности для научных исследователей, обучающихся и преподавателей, способствует развитию профессиональных и научных задач. Также информационное пространство и компьютерные программы позволяют быстро находить и обрабатывать необходимые данные, а также проводить индивидуальную работу. Взаимосвязь ИИ и компьютерной химии является основой преобразующих решений в научных исследованиях и промышленных инновациях. Объединение этих областей позволяет моделировать молекулы и химические процессы, разрабатывать новые лекарственные препараты и материалы, обеспечивать экологическую устойчивость, а также глубоко интерпретировать сложные химические, биологические и экологические системы. Поэтому потенциал компьютерной химии и ИИ остается важным ресурсом для научных исследований и технологического прогресса. В заключении статьи отмечается, что объединение этих двух отраслей играет большую роль в определении инновационных прорывов и новых решений.

Ключевые слова: искусственный интеллект (ИИ), компьютерная химия, квантовая химия, материаловедение, инновационные материалы, лекарства, моделирование, молекулярные взаимодействия, экологическая устойчивость.

Манапов Нурлан Турсымбекович

Старший преподаватель,

Кожобекова Назым Нуркыдыровна

Кандидат химических наук,

Әдебиеттер тізімі:

1. Антошкина Е.Г., Григорьева Е.А. Организация внеаудиторной самостоятельной работы студентов при изучении дисциплин химического цикла. Современная высшая школа: инновационный аспект. **2011.** № 4. С. 31–33.
2. Кит Дж.А. и др. Объединение машинного обучения и компьютерной химии для предсказательного анализа химических систем. *Химические обзоры.* **2021.** Т. 121. №. 16. С. 9816–9872.
3. Дорофеев М.В., Стунесева Ю.Б. Использование сервисов всемирной паутины в процессе обучения Химия в школе. **2010.** № 8. С. 31.
4. Манапов Н.Т. Химия біліміндегі жаңа ақпараттық технологиялардың рөлі. Вестник КазНПУ им.Абая, сер. «Естественно-географические науки» **2010.** №3(25). С.121-124.
5. А.А. Агишева, Ж.Б. Чилдебаев, Н.Т. Манапов Значение навыков работы в сети интернет в решении задач НИРС Вестник КазНПУ им.Абая, сер. «Естественно-географические науки» **2011.** №1(27). С.85-85.
6. Искусственный интеллект: применение в химии: Пер. с англ. Д. Смит, Ч. Риз, Дж. Стюарт и др. Под ред. Т. Пирса, Б. Хони. М.: Мир, **1988.** 430 с, ил. ISBN 5-03-001213-3
7. Құрманәлиев М.Қ., Рыскалиева А.Қ. Химияны оқытудың қазіргі технологиялары. Алматы, **2013.** Б. 216-220.
8. Соловьев М.Е., Соловьев М.М. Компьютерная хими М.: СОЛОН-Пресс, 2005. 536 с.
9. Бутырская Е.В. Компьютерная химия: основы теории и работа с программами Gaussian и GaussView. - М.: СОЛОН-ПРЕСС, 2011. 224 с.: ил. (Серия «Библиотека студентов»).
10. Как используют искусственный интеллект в химии 10.11.2022. [Электрон-ный ресурс]. Режим доступа: <https://dzen.ru/a/Y2ymTcdU2G3jfWFW> (дата обращения 03.03.2025).
11. Галкина, Е. Н. Применение нейросетей в процессе обучения химии Е. Н. Галкина Мир науки. Педагогика и психология. **2024.** Т. 12. № 2. URL: <https://mir-nauki.com/PDF/51PDMN224.pdf>
12. Беттік және коллоидтық химия. Ұстанымдары мен қолданылуы [Текст]: оқулық К. С. Бирди ; Ауд. Қ. Ж. Әбдиев. - Алматы : Дәуір, **2013.** 388 б. (ҚР Білім және ғылым министрлігі). ISBN 9786012174410
13. Валиева М. Е. Лаборатория компьютерного дизайна материалов: что может дать USPEX? Биомолекула от 03.07.2016. [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://biomolecula.ru/articles/laboratoriia-kompiuternogo-dizaina-materialov-chto-mozhet-dat-uspex> (дата обращения 20.05.2025).
14. Митрофанов А.А. и др. Искусственный интеллект в химии и материаловедении. Химический факультет МГУ имени М.В. Ломоносова [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://teach-in.ru/file/synopsis/pdf/ai-in-chemistry-and-materials-science-M-3.pdf> (дата обращения 20.05.2025).
15. Рупали Дабас Двадцать способов, которыми ИИ развивает химию. Chemistry ORLD от 17.10.2024. [Электронный ресурс]. Режим доступа: [https://www.chemistryworld.com/news/twenty-ways-ai-is-advancing hemistry/4020269.article](https://www.chemistryworld.com/news/twenty-ways-ai-is-advancing-hemistry/4020269.article) (дата обращения 21.05.2025).
16. Бэк С. и др. Ускоренное развитие химической науки с помощью ИИ Digital Discovery. **2024.** Т. 3. №. 1. С. 23-33.
17. Чжэн Чжэн и др. ChatGPT помощник по химии для анализа текста и прогнозирования синтеза MOF Журнал Американского химического общества. **2023.** Т. 145. № 32. С. 18048-18062.
18. Маңубара С. Цифровизация органического синтеза как химики-органики используют технологию ИИ Письма в журнале «Химия». **2021.** Т. 50. № 3. С. 475-481.
19. Как устроен искусственный интеллект. Дзен [сайт]. [Электронный ресурс]. Режим доступа: 05.03.2021. URL: <https://dzen.ru/a/YEI98J6aVzXBa5zW> (дата обращения 14.05.2025).
20. Нейн Ю. И., Иванцова М. Н. Компьютерное представление химической информации: учебное пособие: под общ. ред. М. Ф. Костериной. Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, **2020.** 142 с.
21. Роботы-лаборанты, разработка лекарств и не только: какие задачи искусственный интеллект уже помогает решать химикам. 03.03.2023. [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://news.itmo.ru/science/life_science/news/13095/ (дата обращения 18.04.2025).
22. Сизов А. Что такое машинное обучение. Методы, типы, задачи и примеры машинного обучения. «Майнинг Криптовалюты» [сайт]. **2020.** [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://mining-cryptocurrency.ru/mashinnoe-obuchenie-metody-tipy/> (дата обращения 21.05.2025).
23. Яцевич М. Ю. Особенности и факторы взаимодействия феноменов науки и идеологии В сборнике: Социальные коммуникации: философские, политические, культурно-исторические

